



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАББАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

1(135) 2012

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІ

Ж. Ә. Абдрахманова,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.

ТҮРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ПЛЕОНАЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ

Жазушы қаламының дағдылы фразеологиялық тіркестердің құрылысын өзгертуінің тағы бір түрі – плеоназм құбылысы. Бұл жалпытілдік қолданыстағы фразеологизмдердің лексикалық құрамын жаймалап қолдану әдісі болып табылады. **Плеоназм** (грек. Pleonasmus – артықшылық) – лексикалық не грамматикалық мағынаны жеткізу үшін қолданылатын құралдардың молдығы. [1, 164 б.]. В.Т. Шкляр фразеологизмдердің плеоназм құбылысы деп бейнелі және прагматикалық әлеуеті жоғары жаңа бірліктерді атайды, себебі ол тірек компонентінің өзгеріссіз қалуының нәтижесінде бұрынғы фразеологиялық тіркестермен байланысын үзбейді [2, 35 б.].

Мұндай әдіс көркем шығарма тілінде өте көп кездеседі. Олар көбінесе мәтін ішіндегі фразеологизмдердің мазмұнын кеңейту және мағыналық дәлдікті беру, эмоциялық-экспрессивті реңкті күшейту мақсатында қолданылады.

Мысалы: *Алтынмен, күміспен, піл сүйегімен күптелген зеңгір биік қабырға мың сан құбылады. Алтынмен аптап, күміспен күптеді* (О. Сәрсенбаев, 8 б.) – түрлі жиһазбен толтыра безендіріп, құлпыртып қойған жай [3, 39 б.] деген ФТ-ның мағынасын одан әрі аша түсу мақсатында «*піл сүйегі*» компонентін қосу арқылы сөйлемнің лексика-семантикалық мәнін аша түскен.

Қолында ұзын, ауыр қайың сойылы бар Тапбасардың ойы – қанына қарайып алған ана аусарды жазым ғып алмай, амалдап аттан түсіріп, десін қайтару еді (Ж. Ахмади, 34 б.). Сөздікте қаны қарайды – ашу-ызаға булықты, түңіле ыза болды [3, 318 б.]. деген мағынаны, ал «*қанына қарайып алған*» тіркесі

әбден ашу кернеп, ызаға булыққан адамның эмоциялық кейпін білдіреді.

Фразеологизм құрамына бір немесе бірнеше компоненттерді енгізу арқылы автор оның мағынасын айқындайды, күшейтеді немесе әлсіретеді.

Фразеологизмдердің таратылуы оның компоненттерінің біріне бірыңғай мүшенің қосылуы немесе, көбінесе – компоненттердің біреуінің қосылу нәтижесінде жүзеге асады. Фразеологизмдердің компоненттік құрамының кеңеюі «негізгі» мағына бастапқы компонентпен, ал «қосымша» элементтер оны айқындап, одан әрі экспрессивтілігін арттыратындығымен ерекшеленеді. Осылайша «қосымша» элемент тірек компонентінің экспрессивтілігін күшейтіп қана қоймай, фразеологизмнің белгілі бір семасын (көбінесе коннотативті) өзектілендіреді және олар эмотивті әсердің туындауына ықпалын тигізеді. Фразеологизмдерді экспликациялаудың көмегімен эмотивті әсер туындату механизмі көркем тілмен сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Мысалы: *Қарап тұрсаң, өлімге қиятын жылқы емес. Күні бойғы алысудан зар күйіне жетіп әбден ашынып, бауырынан тартыла жарап та алған* (Ж. Ахмади, 104 б.). «*Бауырынан жарарды*» – бабына келді, дер кезінде келді [3, 107 б.]. *Бауырынан жарарды* тұрақты тіркес компоненттер құрамына «*тартыла*» сөзін ендіру арқылы фразеологизмнің ішкі формасы нақтыландыра түседі, мағынасын күшейтеді және осы сөз арқылы өзектіленуге ұшырап осылайша *бауырынан тартыла жарарды* деген жаңа сипаттағы эмотивті әсер беретін ОФТ-сы жасалады.

Фразеологизмдердің компоненттік құрамы

мының кеңеюінің нәтижесінде белгілі бір деңгейде оның семантикасының өзгеретіндігі байқалады: фразеологиялық тіркес мағынасын айқындайды немесе күшейтеді, фразеологиялық тіркестің метафоралық мағынасын контексте суреттелетін шынайы өмір құбылыстарымен байланыстырады, фразеологизмдердің құрамында узула байқалмаған жаңа мағына реңкінің немесе жаңа окказионал мағынаның пайда болуына мүмкіндік береді. Бұл пікірдің дұрыстығын біз де құптай отырып, мұндай құбылыстардың қазақ тілінде де кездесетіндігіне мысал келтіре кетелік. *Өзі өмір сүрген өлкенің үлкен бек, әкімі болған Аллаяр жасы алтыстан асып, көңілі дүниенің ыстық-суығына торыққан шағында билік орнын өзінің ең әділ деген сенімді уәзіріне өткізіп беріп, гұлама, данышпандықпен аты шыққан Лұқпан хакім әулиеке келіп жүгінген* (Ж. Ахмади, 71 б.). *«Ыстық-суығына бірдей төзді»* - жақсы-жаман күнінде бірге болды; асты-үстіне түсіп бар қуаныш-қайғысына бірге ортақтасты [3, 576 б.] деген мәнге ие. Ал жаңа сипаттағы тіркес екі түрлі тәсіл арқылы жасалып отыр. Біріншісі, тұрақты тұлғаның алдына сөз ендіру арқылы; екіншісі, соңғы етістікті тіркесті басқа сөзбен алмастыру нәтижесінде *«көңілі дүниенің ыстық-суығына торыққан»* эмотивті окказионал тұлғасы пай-да болған.

Содан күн ашылып шыжи бастағанда Болашақтың беделі қаулап өсіп жүріп береді (О. Әубәкіров, 151 б.). Бұл сөйлемдегі *беделі қаулап өсті* тіркесі - *беделі артты* – қадірі асты; абырой-айбары елге жайылды [44, 108 б.] деген мағынаны білдіреді. *Беделі артты* тіркесімен ФТ-ның лексикалық құрамын жаймалап қолдану тәсілі негізінде *беделі қаулап өсті* жаңа тұлғасы пайда болды. *Қаулап өсу* тіркесін естігенде не оқығанда бізде шөптің, бидайдың т.б. қаулап өсуі ассоциациясы туындайды. Сондықтан бұл сөйлемдегі фразеологиялық тұлға ерекше бейнелілікке ие болып, өзіне оқырманның, тыңдаушының назарын аудартады.

Төзе-төзе

Аз миы айрандай ашып кеткен

Ақыры төркініне

Байтал мініп қашып кеткен (К. Әмірбек, 35 б.). «Миы ашыды» (мең-зең сенделді, басы қаңғыды. [3, 391 б.] тұрақты тұлғасының негізінде семантикасы өзгереген *«аз миы айрандай ашып кеткен»* метафора арқылы мағы-

налық реңкі күшейген окказионал сипаттағы фразеологизмі жасалып отыр.

Г.И. Шаранда былай деп жазады: «Фразеологиялық тұлға құрамына қосымша компоненттің енуі оның контекспен өзара тығыз қарым-қатынасының орнауына мүмкіндік береді, тұлғаның абстрактілі образын белгілі бір шамада нақты образға айналдырады және жекелеген компоненттердің тура мағынасын жояды, оларды фразаның көркемдігін күшейте отырып, нақтылайды [4, 187 б.]. Эмотивтік әсер алу мақсатында осы тәсіл көркем мәтіндерде көп қолданылады.

Г.С. Покрасс «прибавление слов или слова к одному из компонентов подразумевает нарушение «принятого способа выражения» и приводит к выводу: «в результате такого намеренного нарушения фразеологизм воспринимается в двух планах – традиционном и пересмысленном», - деп жазды [5, 7 б.].

Біздің қарастырып отырғанымыз қалыпты фразеологизмдердің плеоназм тәсілі арқылы окказионал фразеологизм реңкіне ие болуы, дәстүрлі узуал тіркестерінің құрылымын өзгертіп жаңа, бірқолданар тосын тіркестердің жасалуы, әрдайым айтыла-айтыла жауыр болып кеткен тұлғаларды жаңғырту, «жарқ» еткізу мақсатында жасалатындықтан, әрі олар ұтымды шығып жатқан тұлғалар болатын болса, мұндай тіркестердің ФТ нормасына әкелетін зияны жоқ болар деп ойлаймыз.

Екі механизатор әлденеге келісе алмай бір-бірінің жағасына жармасып, ауыздарынан ақ ит кіріп, қара ит болып шығуда... (Д. Тұрлыбек, 8 б.). «Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығады» – аузына келгенін оттап, балағаттайды [3, 66 б.] деген мағынаны білдіреді және қалыпты ФТ-ның құрамына «болып» етістігінің қосылуы нәтижесінде бүтіндей бір фразеологизмнің іс-әрекетіне қосымша мән үстеп, әрекетін нақтыландыра түседі.

Күндіз күлкі-сиқыңыздан айрылып, түнде ұйқы-сұрқыңыздан ажырап, ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен жалпақ еліңіз алдында абырой алып хан болдыңыз (Ж. Ахмади, 14 б.). «Күндіз күлкі-сиқыңыздан айрылып, түнде ұйқы-сұрқыңыздан ажырап» окказионал фразеологиялық тұлғасы (әрі қарай – ОФТ) узуал қолданыста «күндіз күлкі, түнде ұйқы бұзылды» немесе сөйлеу тілінде «күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылды» деп екі түрлі айтылып жүрген «ешбір тыным тап-

пады, ешбір саябырламады» [3, 291 б.] деген бір мағынаны білдіреді.

Эмотивтік әсер туындатуда мәтіндерді талдау арқылы фразеологизмнің компоненттік құрамының кеңеюі, оның өзгерісінің окказионал сипатының болатындығын, фразеологизм қолданылған белгілі бір контекст шеңберінен шықпайтындығын, осыған орай, ол ФТ-ның узуал мағынасына әсер етпейді деген қорытынды жасауымызға мүмкіндік береді.

Фразеологиялық тұлға (әрі қарай – ФТ) компоненттік құрамы фразеологизмнің субстантивтік компонентіне жататын түрлі анықтауыш немесе ФТ-ның етістік компонентіне жататын пысықтауыш пен толықтауыштың енуінің нәтижесінде кеңейеді. Бұл – ФТ-ға тән мағынаның көркемдігін күшейтудің құралы болып табылады; осыған сәйкес оқырманға әсер ету деңгейі де күшейеді. Мысалы: *Айдаубай «ағасына» риза. Көңілі көлкөсір, жағасы жайлау, етегі қыстау боп жаны байып жадырап келеді* (О. Әубәкіров, 119 б.). «*Жаны байып жадырап*» тіркесінің қалыпты формасы «*жаны жадырау*» – көңілі жарқын, рахаттанды деген мағынаны білдіреді, сөздікке кірмегенімен жалпы тілдік қолданысқа еніп кеткен бұл тіркестің құрамына «*байып*» пысықтауышы қосылған.

Сәдуақасқа кездескелі бері иығынан батпан жүгі түскендей, өмір бойғы бар көрген азабынан бір-ақ арыла бастағандай (Ж. Ахмади, 59 б.). «*Иығынан жүк түсті*» тіркесі сөздікке енгенімен, УФ-ға құрамында бар. *Иығынан жүк түсті* – үлкен іс тындырды, қиындықтан құтылды мағынасын білдіреді. ҚТФС-де жоқ, бірақ узуалға айналған бұл тіркеске «*батпан*» анықтаушы сөзі қосылуы арқылы *иығынан батпан жүгі түскендей* ОФТ сипатындағы қолданыс жасалып отыр.

Плеоназм құбылысы узуал тұлғаның құрамына енгізілген окказионал тіркес тұлғаға нормалы нұсқасында болмайтын мағыналық қосымша реңк үстеп, оның семантикасының баюына, тұлғаның контекстік нақтылығының артуына мүмкіндік береді. Мысалы: *Сонардың қайсыбірінің «Қайрат» үшін қабырғасы қайысып, омыртқасы майысып жүр дейсің* (О. Әубәкіров, 100 б.). Бұл жағдайдағы ФТ-ның узуалды құрамы – *қабырғасы қайысты* [3, 302 б.] тіркесі. Ол *омыртқасы майысып* қосымша компонентімен толысады, бұл компонент оны нақтылайды, айқындайды. Осы компонентімен өзара сәйкесе отырып, берілген тұлғаның

ішкі контексіне оңай енеді де, узуал тұлғаның мағынасын нақтылайды әрі күшейтеді, яғни фразеологизмнің ішкі формасын нақтылайды. Жаңа ФТ шекарасының кеңеюінің негізінде қосымша лексемалардың, қосымша компоненттердің семантикалық әсері болады. Олар ФТ-ның ішкі формасын жандандырады.

Эмотивті әсерге қол жеткізу үшін экспликациялау тәсілі фразеологизмдерді өзектілеудің басқа тәсілдерімен қатар қосымша тәсіл есебінде қолданылады. В.М. Мокиенко: «Если имплицирование – это постепенное «кодирование» исходного образа фразеологизма, то эксплицирование – «расшифровка», во многих случаях – создание образа. Расширение фразеологизма стимулируется недостаточностью семантики, необходимостью усилить утраченную словом экспрессию, обновить мотивировку» [6, 131 бб.]. Сонымен, ФТ құрамының кеңеюі немесе ФТ-ның экспликациялануы – эмотивті әсер туындатудың аса тиімді тәсілі болып табылады. Мысалы: *Тас пісетін уақыт қой, еттің еті бір бөлек, сүйегі бір бөлек, сорпасы бір бөлек боп әбден «есеңгіреп» пісіпті* (О. Әубәкіров, 49 б.). «*Ет пісірім*» – халықтық уақыт өлшемі: шамамен бір тамақ пісетін уақыт [3, 170 б.], «ет пісірім уақыт» ҚТФС-де жоқ, УФ қатарына енген ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Қалыпты қолданыстағы бұл тіркеске қосымша «*тас*», «*есеңгіреп пісіпті*» сөздері қосылып, жаймалану арқылы жасалған ОФТ-сы «өте көп уақыт өткендігін» білдіреді.

Осылайша, фразеологизмнің экспрессивті-стилистикалық реңкін, мағынаның бағалауыштық компонентінің өзектіленуін өзгерте отырып, оның семантикасын күшейту немесе әлсірету, нақтылау мақсатында өзектілеудің осы түрі қолданылады. Осыған байланысты біз қарастырып отырған ФТ-ның өзектіленуінің құрылымдық-семантикалық осы түрі және семантикалық тәсілдер аралығындағы ауыспалы тәсіл болып саналады. Окказионал ФТ-ның өзектіленуінің бір тәсілі болып саналатын плеоназм ФТ-ның денотативті мағынасын өзгертуге емес, белгілі бір стилистикалық, эмотивті әсерге қол жеткізу мақсатында қолданылады.

Плеоназмның атрибутивті, объектілік, ФТ толықтауыштық кеңеюі сияқты түрлері бар. Нақтылаушы сөздердің енуінің нәтижесінде ФТ-ның негізгі тұрақты мүшелерінің мағынасы нақтыланады, ФТ образды немесе эмоциялық-экспрессивтік негізі жандана түседі.

Кейде ФТ-ның мазмұны тұрғысынан алғанда жаңа енгізулер артық болып келеді, себебі олар тұлға мағынасына ешқандай өзгеріс енгізбейді, ал оның көркемдігі тұрғысынан алғанда тиімді, себебі олар фразеологизмнің мағынасына жаңа эмоциялық-экспрессивті реңк береді, тіркестің прагматикалық әлеуетін және суреттеліп отырған оқиға немесе құбылыстың эмотивтілігін арттырады.

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.

2. Шкляр В.А. Современный русский язык. Лексика. – М.: Просвещение, 1977. – 337 с.

3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

4. Шаранда Г.И. Фразеология в произведениях Ганса Фаллады: Дис. канд. филол. наук. – Минск: Наука, 1966. – 200 с.

5. Покрасс Г.С. Некоторые средства и речевые приемы создания комического в советском фелетоне. – М.: Изд. Моск. ун-та, 1970. – 235 с.

6. Мокиенко В.М. Славянская фразеология. – М.: Высшая школа, 1989. – 287 с.

7. Сәрсенбаев О. Гүлжаһан. Тандамалы шығармалар: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1992. – 1 т. – 428 б.

8. Ахмади Ж. Жүрек қартайса, ажал аңду салады. – Алматы: Қайнар, 2000. – 192 б.

9. Әубәкіров О. Мың мінездеме. – Алматы: Жазушы, 1989. – 239 б.

10. Әмірбек К. Мың бір мысал. – Алматы: Жазушы, 1991. – 187 б.

11. Тұрлыбек Д. Қазақы қалжыңдар. – Алматы: Нұрлы Әлем, 1999. – 16 б.

Абдрахманова Жазира Асембековна

ОБНОВЛЕНИЕ УСТОЙЧИВЫХ СЛОВСОЧЕТАНИЙ МЕТОДОМ ПЛЕОНАЗМА

В статье рассматривается обогашение лексического состава фразеологизмов методом плеоназма.

Abdrakhmanova Zhazira Asembekovna

UPDATING STABLE PHRASES BY PLEONASM METHOD

The development of lexical structure of phraseological units by a pleonasm method is considered in the article

А. Аширова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к

МЕҢГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Газет бетіндегі тақырыптарда меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері көп кездеспейді және барлық есімдер бірдей ондай сөз тіркесінің меңгеруші сыңары бола алмайды. Есімдердің ішінде көбінесе бастауыштың күйін, халін білдіретін сөздер есімді сөз тіркесінің басыңқысы болып жиі кездеседі. Олар мынадай есімдер:

1. Зат есімдер. Меңгеру амалы арқылы құрылатын зат есімдерді сөз тіркестері өлшеулі синтаксистік аяда көрінеді. Бұл сөз тіркестерінде бағыныңқы компонент барыс септік формасында меңгеріліп зат пен заттың арасындағы қатыстық байланысты білдіреді. Мысалы: *Сыныққа сылтау* (Қазақ әдебиеті, 2003), *Мырзашөлге сапар* (Қазақ әдебиеті, 2004), *АҚШ-тан Ақтөбеге* (Жас Алаш, 2004), *«Жас тұлпардан»*, *«Желтоқсанға» дейін* (Қазақ әдебиеті, 2002), *Қазақтарға мың алғыс. Қазақтарға мың алғыс* (Қазақ әдебиеті, 2003) т.б.

2. Сын есімдер. Газет бетіндегі тақырыптарда сын есім сөз тіркесінің басыңқы сыңарында кездеседі. Мысалы: *Адамдарға сенгішпін* (Жас Алаш, 2004), *Атымен жаңа* (Жас Алаш, 2003) т.б.

3. Сан есімдер. Сан есімдермен есімдер жоғарыдағыдай есімді сөз тіркесінің меңгерушісі (басыңқы) болып өте аз кездеседі. Мысалы: *Түркістанға 10 жыл* (Түркістан, 2004), *Азияда бірінші* (Жас Алаш, 2004) т.б.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері

Етістікті сөз тіркесінде етістік негізгі, шешуші қызмет атқарады. Өйткені етістік табиғатында өзінің лексика-грамматикалық мағынасына сөз табы ретіндегі жалпы категориялық қасиетіне орай басқа сөздерді жетегіне алып, маңайына үйіріп тұратын сөз табы. Сондықтан да ол бағыныңқылық қызмет емес, негізінен, басыңқылық қызмет атқарады да,